



**Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ
АҚТӨБЕ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ**

ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

АҚИЫҚ АҚЫН – МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

биобиблиографиялық көрсеткіш

Ақтөбе – 2021

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Ғылыми кітапхана

**Ақпараттық - библиографиялық үрдістерді
автоматтандыру бөлімі**

Ақиық ақын - Мұқағали Мақатаев

биобиблиографиялық көрсеткіш

Ақтөбе – 2021

ӘОЖ 821
КБЖ 84(5Қаз)
А 38

Ақын Мұқағали Мақатаевтың туғанына 90 жылдығына арналған библиографиялық көрсеткіш / бас. жауапты Мазылбекова И.У., құраст.: Шаншарова Г.И. – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ғылыми кітапханасы. 2021. – 22 бет.

АЛҒЫ СӨЗ

Мұқағали Мақатаев бүгінде бар қазаққа мәшхүр болған есім. Мұқағали есімі қазақ поэзиясың символы іспеттес. Оның аты жүрегінде шексіз даланың, адам аспайтын ұлы Хан Тәңірі мен Алатау тауын, ұшар басында жазғы күннің салқын лебі жасырып жататын жуан ағаштар мен табиғаттың шексіздігін, қазақ жерінің сұлулығын суреттейді.

Ұсынылып отырған көрсеткіш М.Мақатаевтың өміріне, халқы үшін еткен еңбегіне, оның әдеби мұрасына арналып отыр.

Көрсеткіште М.Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығы жайында мәліметтер, ол туралы естеліктер мен зерттеулер ұсынылды.

Көрсеткіштегі мәлімет хронологиялық тәртіппен орналасқан, ал әр жыл көлемінде – алфавит бойынша берілген.

Биобиблиографиялық көрсеткіш университет студенттеріне, магистранттарға, аспирантар мен оқытушыларға арналған.

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Мұқағали Сүлейменұлы Мақатаев (9 ақпан 1931, Алматы облысы, Райымбек ауданы, Қарасаз — 27 наурыз 1976, Алматы). Шын аты Мұхаммедқали – қазақтың лирик ақыны, мұзбалақ ақын, өз заманында лайық бағасын ала алмаса да өзінен кейінгілер үшін мәртебесі биік ақиық ақын.

Ол 1931 ж. 9-шы ақпанда Алматы облысы, қазіргі Райымбек (бұрынғы Нарынқол) ауданының Қарасаз ауылында дүниеге келген. Ақынның туған күні жөнінде екі түрлі ақпарат бар. Алайда, құжаттар бойынша ақынның туған күні ақпанның 9 күні тойланады. Екінші ақпарат: ақынның анасы Нағиман апа былай деген: «Мұқағалиым 1931 жылы наурыз айының 8-інде дүниеге келген болатын. Жаңылысуым мүмкін емес.

Себебі балам мынау фәнидің есігін ашқаннан біраз уақыттан кейін Наурыз тойы болады, наурыз көже жасаймыз деп күтіп отырғанбыз.» Мұқағали Мақатаев атындағы әдеби сыйлықтың лауреаты Оразақын Асқар ақынның екінші туған күніне байланысты мынадай сөз айтады: «Ал құжат бойынша Мұқағали 9- ақпанда дүниеге келген. Бұл куәлікті ақын ес білген кезде сол кездегі сайлау науқанына байланысты өзі жаздырып алған екен». Азан шақырып қойылған аты — Мұхаммедқали. Әкесі қарапайым шаруашы: колхозда сушы, шалғышы болып істеген. Мұқағали үйдің тұңғышы болған, оның артынан бір қыз және үш ұл туған. Ақынның қарындасы мен

алғашқы інісі ерте көз жұмған. Соңғыларының есімдері — Токтарбай мен Көрпеш. Қазақ дәстүрі бойынша үйдің алғашқы баласы ата-әжесінен тәрбие алуы тиіс, сондықтан Мұқағали әжесі Тиынның қолында өсіп, анасын жеңгесіндей қабылдайды. Балалық шағы соғыспен қатар өткендіктен, ақын тағдырдың ашы дәмін ерте татады. («Неңді сенің аңсаймын, бала шағым?»). Мұқағалидің әкесі 1941 ж Калининград майданында қаза табады

1948—1949 ҚазМу-дың филология факультетінің студенті;

1948 — оқуын тастап, Шибұт ауылында ауылдық кеңестің хатшысы;

1949 — көктемде жары Лашынмен отау құрады;

1949 — «Советтік шекара» газеті ақынның «Қырман басында», «Қойшы бала — Әкітай» деген өлеңдерін жариялады;

1950 — Алматыдағы Шет тілдер институтының неміс тілі факультетіне оқуға түсіп, көп ұзамай тұрмыстық жағдайына байланысты оқуын тастайды;

1954 — Қарасаздың бастауыш мектебінде орыс тілі мұғалімі болып тағайындалады, осы жылы ақынның үш өлеңі «Әдебиет және искусство» журналында жарияланды;

1957 — Республикалық радионың диктор қызметін атқарады;

1960-1962 — «Советтік шекара» газетінің бөлім меңгерушісі;

1963-1965 — «Мәдениет және тұрмыс» журналында жұмыс істейді;

Ол 1962 жылы Алматыға қоныс аударып, әдеби ортаға етене араласа бастайды. Алматы Шет тілдері институтының неміс тілі, Қазақ мемлекеттік

университетінің филология факультетінде оқып және Мәскеудегі М. Горький атындағы әлем әдебиеті институтында білім алады.

Мұнан соң «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің (1962-1963 жж.), «Мәдениет және тұрмыс» (қазіргі «Парасат») (1963-1965 жж.), «Жұлдыз» (1965-1972 жж.) журналдарының редакциясында, Қазақстан Жазушылар Одағының (1972-1973 жж.) қызмет атқарады. Мұқағали Алматыдағы қазақ әдебиеті мен өнерінің қаймақтары шоғырланған ортада өткерген аз ғана жылдар ішінде өзіндік дара үнін, суреткерлік қайталанбас дарынын танытып, өнімді еңбектене білді. «Ильич» (1964), «Армысыңдар достар» (1966), «Қарлығашым келдің бе?», «Мавр» (1970), «Аққулар ұйықтағанда» (1973), «Шуағым менің» (1975) атты жыр жинақтарын көзінің тірісінде жариялап үлгерді.

Мұқағали поэзиясының қайнар көзі, шабыт тұғыры туған елі, өскен жері, Отан тағдыры, замана тынысы, замандастарының арман аңсары. Осының бәрін Мұқағали жас дарынға тән қайталанбас шеберлікпен, тәңірдің тандайынан төгілгендей поэтикалық мінсіз үйлесіммен, әр жүрекпен тіл табысар сыршыл да шыншыл сезіммен, нағыз поэзияға ғана тән бейнелі образдармен бедерлеп, өлмес өнер деңгейінде туындатып отырған.

Ақынның тұңғыш өлеңдері “Қырман басында”, “Қойшы бала — Әкітай” ауданындағы “Советтік шекара” газетінде жарияланды (1949). “Інімнің ойы”, “Шебер” өлеңдері “Жастық жыры” атты жинаққа енді (1951). Алғаш Мұқағалидың талантын бағалаған Ә.Тәжібаев: “Өзіңнен де

жігерлілеу, оттылау жас жеткіншек жеткенде, мақтанбасқа бола ма?!” деген еді (“Қазақ әдебиеті”, 18.3.1960).

Мұқағалидің “Қарлығашым, келдің бе?”, “Дариға жүрек” (1972 ж.), “Аққулар ұйықтағанда”, “Шуағым менің” (1975 ж.), “Соғады жүрек”, “Шолпан”, “Жырлайды жүрек”, “Өмір-өзен”, “Өмір-дастан” және т.б. жыр жинақтары, сондай-ақ, “Қош, махаббат!” (1988 ж.) атты прозалық кітабы да бар. Біршама өлеңдеріне ән жазылды. Өзін аудармашылық қырынан да сынап көрген Мұқағали Дантенинің “Құдіретті комедиясының” “Тамұқ” деген бөлімін (1971 ж.), Шекспирдің “Сонеттерін” (1970 ж.), Уолт Уилиямның өлеңдерін (1969 ж.) қазақ тіліне аударды. Ақынның көзі тірісінде 3 аударма кітабы [У.Уитмен, “Шөп жапырақтары” (1969); У.Шекспир, “Сонеттер” (1970); Д.Алигерья, “Құдіретті комедиясының” “Тамұқ” бөлімі (1971)], 8 жыр жинағы [“Ильич” (1964), “Армысыңдар, достар” (1966), “Қарлығашым, келдің бе?” (1968), “Мавр” (1970), “Дариға-жүрек” (1972), “Аққулар ұйықтағанда” (1974), “Шуағым менің” (1975), “Өмірдастан” (1976)] жарық көрді. У.Уитмен, У.Шекспир, Н.Тихонов, Р.Бернс, Ф.Ансари, А.Акопян, А.Исаакян, Е.Евтушенко, Ф.Моргуннің бірнеше өлеңдерін аударды. Ю.А. Александров, М.М. Курганцев тәржімалаған ақын өлеңдері “Зов души” деген атпен орыс тілінде басылып шықты. Мұқағалидің “Ильич”, “Ақ қайың әні”, “Ару-ана”, “Мавр”, “Аққулар ұйықтағанда”, “Арман”, “Шолпан”, “Досыма хат”, “Алтай-Атырау”, “Отаным, саған айтам”, “Райымбек! Райымбек!”, “Қашқын”, “Жер үстінен репортаж”, «Моцарт». Жан азасы” атты поэма-толғаулары бар. 650-ден астам лирикалық өлеңдерінде адам өмірінің мәні,

әсемдік пен сұлулық, тазалық, ерлік, елдік, туған жер турасында терең толғаған. Ақын өмірінің соңғы кезеңінде жазған “Моцарт. Жан азасы” реквиемі пәлсапалық мазмұны, психологиялық тілі өзгеше туынды. “Табыт үні”, “Халық үні”, “Жесірлер үні”, “Бесік жыры” аталатын 4 бөлімді туындының әрбір бөлімінде бірде табыт, бірде жесір-Ана, бірде Жер-Бесік атынан өмір мен өлім туралы философиялық пайымдаулар айтылған. Ақын Моцарт тағдырын тілге тиек ете отырып, өмір туралы өз жанының оптимистік рухын, әрбір адамның жан түкпіріндегі арман-әнін жеткізеді. Ақын қай тақырыпта жазса да жалған сезім, жылтырақ сөзге әуес болмады, ол туралы: “Мен жырламаймын, Сырласамын. Сыры бір замандаспен мұңдасамын. Көгендеп жыр қосағын, Келмейді жыр жасағым” немесе “Тіпті де мен еместі “Мен” дегенім... Өзгенің жаны-сырын ұғу үшін, Өзімді зерттегенді жөн көремін” дейді. Мұқағали шығармашылығының тілі “өзін-өзі” зерттеуден тұрады. Мен — өзін-өзі іздеген, өмір мен өлім, адам мен қоғам, ғаламнан үйлесімділік іздеп шарқ ұрған, толассыз ізденістегі пәлсапашылмын. Мұқағалидың шығармаларында философиялық тереңдік, адамның психологиялық жан күйзелісін суреттеу, медитация басым. “Өмірдастан” атты топтамалы толғауында жесір жеңге (Дариға) образы арқылы тылдағы халық өмірі мен адамдық, азаматтық, адалдық, ар-намыс, рух пен нәпсі арасындағы толассыз күрес психологиялық шиеленіс арқылы шебер жеткізілген. Мұқағалидың шеберлігі өзі өмірден көрген-білгенін көңіл елегінен өткізе терең жеткізуінде. Имандылық, ислам діні турасында “Я, Жаратушы Аллам”, “Сатқан емен”, “Дін-ғылымның

анасы”, “Я, Алла”, “Бүкіл дүние мұсылмандарына хат”, “Адам қайдан жаралған”, “Жүрек арызы”, “Күн батты, міне, кеш кірді”, “Не керек, осы, адамға”, т.б. өлеңдер жазды. “Сатқан емен, сатпайтын дінімді мен”, “Мұхаммедтің үмбеті-мұсылманмын”, “Сайтанның да, күнәсіз періштенің, Бал мен уын талғамай неге ішкенмін. Періштенің қайғысын бөліспедім, Сайтанменен болса да келіспедім” секілді жыр жолдарында адам табиғатына сай тартыс, пенденің жан тылсымындағы жұмбақ қақтығыстар көрініс тапқан. Ол әсіресе тауды, қазақ ауылын көп жырлайды (“Тауда өстім”, “Тау бір аңыз”, т.б.). “Өлмесін деп берген ғой тауды маған, Мен күніренсем, күрсініп тау жылаған”. Ол қазақ өлеңін мазмұн, пішін жағынан түрлентті. “Қазақтың кара өлеңі құдіретім, онда бір сұмдық сыр бар естілмеген” дейді ақын. Мұқағали дәстүршіл ақын, ол өлеңге интонация, инверсия, мазмұн тұрғысынан жаңалық енгізді. Мұқағалидың поэзиясы ұлттық характерімен, мінезімен ерекшеленеді: “Су сұрасам, сүт берген, айран берген, Қартайып қалыпсың-ау, қайран жеңгем”. Ақын өлеңге ерекше кие деп қарап, Музаға табынған: “О, Муза, маған алыс сөреңді бер, ұайыптан кел де, мені демеп жібер”. Мұқағали адам жанының диалектикасына терең бойлап, оның болмысын шынайы бедерлейді (“Жапырақ жүрек-жас қайың”). Ол “Нағыз ақын алдымен ойшыл, философ болуы қажет. Поэзияда философ болу өзін қоршаған әлемді ұғыну, әр заттың мәнін білу, ақырына дейін “адам жанының инженері болып қалу” дегенді ұстанды (Күнделік, 10.2.1976). Ақынның шеберлігі өмірден өзін, өзінен өмірді көре білуінде. “Бүкіл менің жазғаным — бар-жоғы бір ғана

бүтін поэма. Адамның өмірі мен өлімі, қасіреті мен қуанышы туралы поэма” дейді ақын. Мұқағалидың адамзат ғұмыры мен әлем сырын жыр еткен лирикасы қазақ әдебиетіне қомақты мұра боп енді. Мұқағали поэзия жанрында ғана емес, проза, драма, сын саласында да қалам тартты. Қаламгердің “Қош, махаббат” жинағына (1988) әр жылдары жазылған “Құлпытас”, “Марусяның тауы”, “Өзгермепті”, “Әже”, әңгімелері, “Қос қарлығаш”, “Жыл құстары” повестері мен “Қош, махаббат” пьесасы, бірнеше сыни еңбектері енген. “Рух және сезім” , “Сезім найзағайы”, “1969 жылғы қазақ поэзиясы“ атты әдеби сын еңбектерінде О.Сүлейменов, М.Әлімбаев, Қ.Мырзалиев, Ж.Нәжімеденов, С.Мәуленов, т.б. шығармаларына талдау жасап, өнер, поэзия туралы ой толғайды.

Мұқағали — өзіне дейінгі өлең өру мен жыр сомдаудағы қазақ халқының ұлттық мектептері мен дәстүрлерін жалғап қана қоймай, оны жан-жақты дамытқан, тереңдеткен, қазақтың өлең-сөзін жаңа заңғарларға көтерген, жаңа кеңістіктерге алып шыққан жиырмасыншы ғасырдың санаулы саңлақтарының бірі, ақынның өз сөзімен айтқанда:

«... Ақынмын деп қалай мен айта аламын,
Халқымның өз айтқанын қайталадым.
Күпі киген қазақтың қара өлеңін,
Шекпен жауып өзіне қайтарамын, —
деген ерен жырдың жаратушысы, Ұлы тұлға, Ұлы ақын.
Поэзия!
Менімен егіз бе едің
Сен мені сезесің бе, неге іздедім?
Алауыртқан тандардан сені іздедім,

Қарауытқан таулардан сені іздедім.
Сені іздедім кездескен адамдардан,
Бұлақтардан, бақтардан, алаңдардан.
Шырақтардан, оттардан, жалаулардан
Сені іздедім жоғалған замандардан...
... Сені іздедім.

Іздеймін тағат бар ма?

Сені маған егіз ғып жаратқан ба?»

Осы өлең жолдарын оқыған кезде алып жырдың жаратылысын, жаңа қыры мен сипатын танығандай күй кешесіз... Ақын өзінің қысқа ғұмырында өзіне-өзі сенген. Ары таза, жаны мөлдір, жүрегі отты, рухы асқақ жырлары мен көркем дастандары сол сенімінің жемісі. Ақын жаңа ғасыр қақпасын ендікпей, еркін ашып, жаңа мыңжылдық айдынына шығып отыр.

Ақынның заты өлгенмен, аты өлмейді

Алматы қаласында дүниеден өтті. Негізгі жыр жинақтарын көзінің тірісінде жарыққа шығарды (“Мавр”, “Дариға-жүрек”, “Аққулар ұйықтағанда”, “Шуағым менің”). Дүниеден өтер алдын “Реквием” атты толғау-өлеңін жазды.

Шығармалары өзбек, қырғыз, т.б. тілдерге аударылған. Ақынның әдеби мұрасын зерттеуде 3 кандидаттық диссертация қорғалып К.Сейтова “Мұқағалидың ақындық мұрасы” (1991), К.Хамидуллаев “Мұқағалидың ақындық шеберлігі” (1993), тіл білімінде З.Қазанбаева “М. Мақатаев лирикасының грамматикалық ерекшеліктері”(1999)], шығармашылығы турасында 700-ге тарта еңбек (мақала, естелік-эссе, роман, поэма, өлең, т.б.) жазылған. Мұқағали қайтыс болғаннан кейін ҚР Жазушылар одағы

Мұқағалидың атындағы әдеби сыйлық тағайындады (1985), оған ҚР Мемлекеттік сыйлық (1999), “Ғасыр ақыны” атағы берілді. 60 жылдық мерейтойы қарсаңында ақынның туған жерінде мұражайы ашылды. Алматыда ақын атында мектеп, көше және сол көше бойында Мұқағалиға арналған ескерткіш бар. Мұқағали өлеңдеріне Н.Тілендиев, Д.Рақышев, Ш.Қалдаяқов, І.Жақанов, А.Алтынбек, Т.Рахимов, М.Рүстемов, Т.Мұхаммеджанов, Ә.Тінәлиев, Б.Оралұлы, Т.Досымов, т.б. сазгерлер ән жазды. 1985 жылы Қазақстан Жазушылары Одағының бастамасымен үздік әдеби шығарма авторларына М. Мақатаев атындағы сыйлық тағайындалды. Ал 2008 жылы М.Мақатаев атындағы жаңа сыйлық тағайындалды.

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ ТУРАЛЫ ОЙ-ПІКІРЛЕР

Әбділдә ТӘЖІБАЕВ:

Мұқағали Мақатаев — біздің замандағы ғажайып ақындардың бірі.

Мақатаев атты алып ақындық жарқын жүзіне, миллион адам миллион түрлі пікір пайымдаса да, ешбір кіреуке, көлеңке түспей келешекке қарай керуен түзеп, көше бермек.

Мұқаметжан ҚАРАТАЕВ:

...Арамыздан тым ерте кеткен тамаша ақынымыз Мұқағали Мақатаевтың алғашқы қадамында-ақ оның аяқ алысынан айрықша талант иесі екенін аңғаруға болатын еді.

Аңғармаппыз...

Әбіш КЕКІЛБАЕВ:

М.Мақатаев — адамдар арасындағы, өмірдегі, табиғаттағы жарастық пен келісімнің жыршысы. Оның... өлеңдері шын тебіреністен, шын шабыттан, шын күйзеліс пен шын қуаныштан, шын сағыныштан туған.

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ:

Қазақ жырының аспанындағы аз ғана жұлдыздардың арасынан сенің жұлдызыңды біз оңай танушы едік. Сенің жұлдызың — ең шұғылалы, ең мейірімді жұлдыз.

Қадыр МЫРЗАЛИЕВ:

Әдебиетті салынып жатқан ғаламат бір ғимарат, көк тіреген күмбез, сұлулық сарайы деп есептесек, сен соның талантты тас қалаушыларының бірі едің.

ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ

1964

1. Мақатаев М. Ильич: Поэмалар / М. Мақатаев. - Алматы: Қаз. Мем. Көркем Әдебиет Баспасы, 1964. - 62 бет.

1979

2. Мақатаев М. Өмір-өзен: Өлеңдер мен толғаулар / М. Мақатаев. - Алматы: Жазушы, 1979. - 360 бет.

1981

3. Мақатаев М. Зов души: Поэмы. Стихотворения / М. Мақатаев; Пер. с каз. Ю.Александрова, М.Курганцева. - Алма-Ата: Жазушы, 1981. - 144 с.

1989

4. Мақатаев М. Жырлайды жүрек: Өлеңдер мен поэмалар / Құраст. Айдарова Б. - Жазушы, 1989. - 496 бет.

1994

5. Мақатаев М. Жылап қайттым өмірдің базарынан: Жыр кітабы. / М. Мақатаев; құраст. Л. Әзімжанова. - Алматы: Жалын, 1994. - 256 бет.

1995

6. Мұқағали: Естеліктер / Құраст.: А.Әбдіқалов. - Алматы: Жалын, 1995. - 224 бет.

2001

7. Сариева К.Н. Изучение жизни и творчества М.Мақатаева: 11 класс. Методическое пособие / К.Н. Сариева. - Алматы: Білім, 2001. - 26 с.

8. Мақатаев М. Зов души: Поэмы, стихотворения / М. Мақатаев; Пер. с каз. Ю.Александрова, М.Курганцева. - Алматы: Ценные бумаги, 2001. - 144 с.

2002

9. Мақатаев М. Аманат: Жыр жинағы / М. Мақатаев; құрас.: А. Алтай.- Атамұра, 2002. - 304 бет.

2005

10. Мақатаев М. Өмір - өзен: Өлеңдер мен дастандар / М. Мақатаев; Құраст. Б.Кошым-Ногай. - Алматы: Раритет, 2005. - 288 б.

2006

11. Мақатаев М. Шығармалары: Көп томдық толық жинағы. 1 том. Өлеңдері мен дастандар / М. Мақатаев. - 2-ші басылым. - Алматы: Жалын, 2006. - 320 бет.

12. Оразалин Н. Құдыретті жырдың құндағы: Ақын және Өлең туралы ой-толғау / Н. Оразалин // Жаңа дәуір - 2006 - №2. - 5 бет.

2007

13. Мақатаев М. Шығармалары: Көп томдық толық жинағы II-ші том. Өлеңдері мен поэмалары / М. Мақатаев; Құраст. Л.Әзімжанқызы, О.Асқар. - 2-ші бас. - Алматы: Жалын баспасы, 2007. - 284 бет.

14. Қауғабай О. Мұқағалидың Димекене мұң шағуы. / О. Қауғабай // Ақиқат. - 2007. - №8. 56-60 бет.

2008

15. Мұқағали. Шығармалары: III-том. Көп томдық толық жинағы. Өлеңдері мен поэмалары / Мұқағали.; Құраст.: Л.Әзімжанқызы, О.Асқар. - Алматы: Жалын, 2008. - 320 бет.

16. Сүлейменова Г. Жанға жақын жырлары: М.Мақатаевқа арналған кеш / Г. Сүлейменова // Қазақ тілі мен әдебиеті. - 2008. - №2. - С. 89-93.

2009

17. Мұқағали. Шығармалары: Көп томдық толық жинағы. IV-том. Аудармалар / Мұқағали.; Құраст.: Л.Әзімжанқызы, О.Асқар. - 3-бас. - Алматы: "Жалын баспасы" ЖШС, 2009. - 320 бет

2010

18. Карпова И.Н. Поэтический час "Аллея поэтов": Мукағали Мақатаев. / И. Н. Карпова // Внеклассная работа в школе. - 2010. - №12-. с.25-30.

19. Мақатаев М. Шығармаларының толық жинағы: Көп томдық. 5 том. Аударма, хаттар, естеліктер / М. Мақатаев;

Құраст.: К.Құрманғалиев. - 2-ші бас. - Алматы: Жалын баспасы, 2010. - 320 бет.

20. Асылжанұлы Б. Мұқағалидың лирикалық поэзиясы / Б. Асылжанұлы // Жұлдыз. - 2010. - Ст. № 10. - С. 177-186 бет.

21. Байсұлтанова Г.О. Мұқағали жырлайды / Г. О. Байсұлтанова // Оқыту-тәрбиелеу технологиясы. - 2010. - №5-. 56-59 бет.

22. Жумабекова Г.А. Н. Оразалин мен М. Мақатаев лирикасындағы үндестік / Г. А. Жумабекова // Қазақстан педагогикалық хабаршысы - Педагогический вестник Казахстана. - 2010. - №3. - 80-84 бет.

23. Тилеубаева М. Мұқағали тұлғасының педагогикалық және психологиялық өзгешеліктері / М. Тилеубаева // Ұлт тағылымы-Достояние нации. - 2010. - №4. - 17-21 бет.

24. Ноғайбаев К. М. Мақатаевтың философиялық-әлеуметтік ойлары / К. Ноғайбаев // Қазақ тарихы - 2010 - №4 - 75 бет.

2011

25. Әбдиқал А. Ақын аманаты парыз / А. Әбдиқал // Парасат. - 2011. - №3. 24-25 бет.

26. Асылжанұлы Б. Мұқағалидың лирикалық поэзиясы кеше мен бүгінді үндестірген жыр үлгісі. / Б. Асылжанұлы // Мұқағали. - 2011. - №1-2-. 66-76 бет.

27. Мұқағали Мақатаев (1931-1976) // Самопознание.KZ. - 2011. - №2. 15-19 бет.
28. Нұрғожаев Ж. Алаштың аяулы ақыны. / Ж. Нұрғожаев // Мұқағали. - 2011. - №1-2-. 12-19 бет.
29. Тұрбекова Ұ.Қ. Мұқағали Мақатаев жырларындағы психологизм / Ұ. Қ. Тұрбекова // Педагогика және оқушы психологиясы. - 2011. - №6. - 8-11 бет.
30. Хитипова А.М. Мұқағали-мәңгілік ғұмыр / А. М. Хитипова // Қазақстан кәсіпкері-Профессионал Казахстана. - 2011. - №6. - 13-15 бет.
31. Ақиық ақынға тағзым: Мұқағали Мақатаев-80 // Ақиқат. - 2011. - №8. - 62 бет.
32. Бәкір К. Тірлігінде сый көрмеген ұлы ақын сексен жылында бар қазақтың басын қосты / К. Бәкір // Алтын орда. - 2011. - №32 - 11 тамыз. 10 бет.
33. Домбай Н. Жазылар естеліктер мен туралы / Н. Домбай // Ана тілі. - 2011 - №29 - 21-28 шілде. - 5 бет.
34. Домбай Н. Жазылар естеліктер мен туралы / Н. Домбай // Ана тілі. - 2011 - №30 - 28 шілде-3 тамыз. – 5 бет.
35. Жаркынбеков С. Жазылар естеліктер мен туралы / С. Жаркынбеков // Ақиқат. - 2011 - №2 - 39 бет.
36. Қаңтарбай Ә. Мәңгілік Мұқағали / Ә. Қаңтарбай // Дала мен қала. - 2011 - №30 - 25 шілде - 10 бет.

37. Кеңшілікұлы А. Өлгендер қайтып келеді / А. Кеңшілікұлы // Нұр Астана - 2011 - №7 - 24 ақпан. - 7 бет.

2012

38. Мақатаев М. Жүрек арызы: Өлеңдер / М. Мақатаев; құрастырған С. Дәуітұлы. - Қазақпарт, 2012. - 296 бет.

39. Өміржанов Е. Мұқағалидың айтылмаған ашылмаған кырлары: немесе ақынның мемлекеттік көзқарастары / Е. Өміржанов // Қазақстан Заман. - 2012 - №6 - 9 ақпан - 7 бет.

2013

40. Омарова Ғ. Мұқағали жырларының тәрбиелік әсері / Ғ. Омарова // Қазақ тілі мен әдебиеті орта мектепте. - 2013. - №10. - 42-43 бет.

2014

41. Сұлтанғалиева Ж.С. Мұқағали поэмаларындағы тарих шежіресі / Ж. С. Сұлтанғалиева // Көптілділік және мәдениеттер үнқатысымы халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарының жинағы. 25 сәуір 2014 жыл. - 2014. - 314-315 бет.

2015

42. Әбдішова. Ж. Сұлулық киесі. / Ж. Әбдішова. // Жұлдыз журналы. - 2015. - №11. - 24-59 бет.

2018

43. Оралбайұлы Ө. Аспантаудың ақиығы / Ө. Оралбайұлы // Егемен Қазақстан. - 2018. - 15 маусым. - 10 бет.

2019

44. Мұқағали тілі сөздігі: / Б.Қалиев, Ж.Түймебаев, С.Исакова және т. б. - Алматы: Сардар, 2019. - 1064 бет.

2020

45. Нұрғожаев Ж. "Абай жаққан бір сәуле сөнбеу үшін" немесе Абай мен Мұқағали арналары туралы аз ғана сөз / Ж. Нұрғожаев // Егемен Қазақстан. - 2020. - № 32 - 17 ақпан. – 5 бет.

2021

46. Нұрғожаев Ж. Кібісе жылдың көктемі / Ж. Нұрғожаев // Егемен Қазақстан. - 2021. - №: 19 - 28 қаңтар. - 11 бет.

47. Қорғасбек Ж. Үшінші тармақтың үрметі / Ж. Қорғасбек // Егемен Қазақстан. - 2021. - № 8 - 13 қаңтар. – 11 бет.

МАЗМҰНЫ

<i>Алғы сөз</i>	4
<i>М.Мақатаев өмірі мен шығармашылығы</i>	5
<i>М.Мақатаев туралы ой-пікірлер</i>	13
<i>Еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші</i>	15